- Өндіруші қате пайдалану немесе осы пайдалану нұсқаулығында көзделмеген пайдалану нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты болмайды.



Аспап тек қана тамақ өнімдерін өңдеуге арналған




Аспап тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған



+5°-тен +35°С-ге дейін

Жұмыс істеуінің ыңғайлы жағдайлары +5°С-тен +35°С дейінгі температурада



Стаканында сұйықтығы жоқ аспапты пайдалануға тыйым салынады!

ЖИЫНТЫҚТАМА

Өлшеуіш-стакан бітеуіш

Құмыраның қақпағы

Құмыра қақпағының силиконды тығыздағыш сақинасы

Блендердің құмырасы

Пышақтары бар алмалы-салмалы блок

Пышағы бар алмалы-салмалы блок бекіткіші

Пышақтары бар блоктың силиконды тығыздағыш сақинасы

Аспап корпусы

Жол стаканы

Жол стаканының пышақтары бар блоктың силиконды тығыздағыш сақинасы

Жол стаканының пышақтары бар алмалы-салмалы блогы

Жол стаканы қақпағының силиконды тығыздағыш сақинасы

Жол стаканының қақпағы

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Кепілдік талоны

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

— 1 дана.

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты пайдалану "Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелеріне" сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аспап тек тұрмыста пайдалануға арналған. Аспапты коммерциялық мақсатта ұзақ уақыт пайдалану оның шамадан тыс жүктелуіне әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде ол зақымдануы мүмкін немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.
- Аспап осы нұсқаулыққа сәйкес мақсаты бойынша ғана пайдаланылуы тиіс.
- Әр жолы аспапты іске қосар алдында, оны тексеріп отырыңыз. Аспапта немесе желілік баусымда зақымдану бар болғанда аспапты ешбір жағдайда розеткаға қоспаңыз.
- Аспапты жылжытқан соң, көрсеткіштері жарақсыз болса, оны пайдаланбау керек. Пайдаланар алдында құрал білікті маманмен тексерілуі тиіс.
- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдар (оның ішінде балалар) үшін, мұндай адамдардың қауіпсіздігіне жауап беретін адам осы аспапты пайдалануға қатысты оларды қадағалау немесе нұсқау беру жүргізілген жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында, қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.




Назар аударыңыз!



Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз. Аспап суға құлаған жағдайда оны дереу желіден ажыратыңыз. Бұл ретте қолыңызды ешқашан суға салмаңыз. Аспапты қайта пайдаланар алдында, оны білікті маман тексеруі керек.

- Аспапты үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тура күн сәулелерінен, үшкір бұрыштарға соғылуынан, ылғалдан (ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз) сақтаңыз. Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз. Аспап суланғанда, оны дереу желіден ажыратыңыз.
- Аспапты тек қана айнаымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында желінің параметрлері аспап сипаттамасында белгіленгендерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- **Кез келген қателесіп қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**



Аспапты сыртқы төтенше әсерлерге ұшыратпаңыз



Аспапты кез келген соққылардан сақтаңыз



Іске қосылған аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Аспапты балалар үшін қолжетімсіз жерде сақтаңыз



Аспапты суға батырмаңыз! Аспаптың корпусы құрғақ болуы тиіс!

- Пайдалану аяқталғаннан кейін, айлабұйымдарды орнату немесе шешу, тазалау немесе аспап сынған кезінде оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Жазатайым оқиғаларға немесе аспаптың бұзылуына әкелуі мүмкін болатын желінің артық жүктелуіне жол бермеңіз. Бұл үшін дәл сол электрлік розеткаға жалғастырғыш тетікті пайдалана отырып, басқа аспаптарды қоспаңыз. Ұзартқышты пайдаланар алдында ол бұзылмағанына көз жеткізіңіз.
- Аспапты желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сонымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Электр тоғынан соққы алуға жол бермеу үшін аспапты қосқанда немесе сөндіргенде желілік баусым айырының металл бөліктеріне қол тигізбеңіз.
- Пайдаланғаннан кейін электр қорек баусымын ешқашан аспапты айналдыра орамаңыз, өйткені уақыт өте бұл сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Аспаптың тұтынылатын қуатына есептелген ұзартқышты пайдаланыңыз — параметрлердің сәйкес келмеуі қысқа тұйықталуға немесе кабельдің тұтануына әкелуі мүмкін.
- Электр қуат баусымын есік ойықтарында немесе жылу көздеріне жақындатып тартпаңыз. Электр баусымы бұралмауын және бүгілмеуін, жиһаздың үшкір заттарымен, бұрыштарымен және жиектерімен жанаспауын қадағалаңыз.
- Шнурды ауысыруды ек білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа берілетін кепілдіктің сақталуы үшін және техникалық мәселелерге жол бермеу үшін, аспапты өз бетінше бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.



Назар аударыңыз! Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оны ары қарай кәдеге жарату үшін мамандандырылған пунктке өткізіңіз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.

ОСЫ АСПАПТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты жұмыс кезінде қадағалаусыз қалдырмаңыз. Аспапен жұмыс істеуді аяқтағаннан кейін оны ылғи желіден ажыратып қойыңыз.
- Аспаптың жұмысы кезінде корпустың желдету тесіктерін жауып тастауға және корпусты жұмсақ бетке қоюға болмайды. Аспап корпусы мен беті арасында әрқашан ауа саңылауы болуы керек.
- Керек-жарақтарды немесе қондырмаларды ауыстыру алдында аспапты желіден ажыратыңыз.
- Пышақтар толық тоқтағнша аспап қақпағын алмаңыз және алмалы құмыраны ажыратпаңыз.
- Пышақтарды шешкенде, орнатқанда және тазалағанда сақ болыңыз.
- Барлық алмалы бөліктер мұқият жуылғанын және кептірілгенін үнемі қадағалап отырыңыз.
- Жарақаттануға жол бермеу үшін саусақтарды, шашты, киімді блендердің қозғалатын бөліктерінен қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз.

- Аспап жеткізілімі жиынтықтамасына кірмейтін аксессуарлар мен қондырмаларды пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Блендер құмырасын құмыра көлемінің 2/3 бөлігінен асатын өнімдермен толтырмаңыз.
- Аспаппен температурасы 60°C-ден асатын ыстық өнімдерді өңдеуге жол бермеңіз.
- Бұл аспап ұзақ уақыт жұмыс істеуге арналмаған. Аспаптың үздіксіз жұмыс уақыты 2 минуттан аспауы тиіс. Қайталап қосуды тек 2 минуттан кейін ғана жүргізуге рұқсат етіледі. Аспапты 2 рет қосқаннан кейін аспапты 15-20 минут бойы суыту керек
- Егер тағам 2 минуттан артық өңделуі керек болса, құрылғыны импульстермен іске қосып, аралық 10 секундтық үзілістер жасаңыз.
- Құмыраға өте ыстық немесе өте суық тағамдарды құймаңыз, температураның күрт өзгеруінен шыны жарылып кетуі мүмкін.
- Блендерді сақтау ыдысы ретінде пайдаланбаңыз. Оны пайдаланғанға дейін және одан кейін бос ұстаңыз



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құмырада су болмағанда аспапты пайдалануға тыйым салынады!

АСПАП СИПАТТАМАСЫ

Аспап әртүрлі сұйық тамақ өнімдерін ұнтақтау немесе араластыру үшін, тұздықтар, сорпалар, сүт коктейльдері, шырындар, смузилер, мұзды ұсақтау үшін қолданылады. Қолдануға ыңғайлы болуы үшін жинақта тасымалданатын жол стаканы бар.



Блендер құмырасы бөлшектелген күйде



Назар аударыңыз! Блендер пышағының жүздері өткір. Жинау/бөлшектеу, тазалау және жұмыс істеу кезінде абай болыңыз.



Ескертпе ретінде!

Суретте құрастыру схемасы көрсетілген, фигуралар схемалық және аспаптың нақты бөлшектерінен өзгеше болуы мүмкін.


Жол стаканы бөлшектелген күйінде



Ескертпе ретінде!

Суретте құрастыру схемасы көрсетілген, фигуралар схемалық және аспаптың нақты бөлшектерінен өзгеше болуы мүмкін.

ДИСПЛЕЙ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ПАНЕЛІ



Ескертпе ретінде!

Нақты бұйымның сыртқы көрінісі, дизайны мен түсі иллюстрациялардағы фотолардан ерекшеленуі мүмкін. Суреттер анықтамалық ақпарат ретінде берілген.

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

- Аспапты ашыңыз және оның барлық құрастыру бірліктері зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Алғашқы пайдаланар алдында аспаптың азық-түлікпен түйісетін бөліктерін мұқият жуып шайыңыз және кептіріңіз.



Назар аударыңыз! Блендер пышақтарының жүздері үшкір болуы мүмкін!

ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

I. БЛЕНДЕРДІ ЖИНАУ

- Блендерді құрастыру алдында, аспап сөндірілгеніне және желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Желілік баусымын толықтай тарқатыңыз.
- Құралдың корпусын тегіс, тұрақты бетке орнатыңыз.




Назар аударыңыз! Пышақтары бар алмалы-салмалы блокта, сондай-ақ құмыраның қақпағында тығыздағыштың силикон төсемінің болуын тексеріңіз.


- Блендер құмырасын/жол стақанын аударып, алмалы-салмалы пышақтарды құмыраның негізіне орнатыңыз, алдын ала тығыздағыш силикон сақинасын тексеріңіз. Ары қарай алмалы-салмалы пышақтардың бекіткішін салыңыз және оны сағат тілінің бағытымен соңына дейін бұрап бекітіңіз, содан кейін құмыраның түбін төмен қаратып тегіс, тұрақты бетке орнатыңыз (осы Нұсқаулықтың "Ажыратылған түрдегі блендер құмырасы" / "Ажыратылған түрдегі жол стақаны" бөлімін қараңыз).
- Сұйықтықты құйыңыз да, тағамдық ингредиенттерді құмыраға салыңыз және оны қақпағымен жабыңыз. Құмыраның қақпағын сағат тілімен бекітіңіз.




Назар аударыңыз! Блендерде өңдеуден бұрын өнімдерді алдын ала ұсақтаңыз. Өңделетін өнімдердің өлшемі 1,5x1,5x1,5 см аспауы тиіс.



Аспаптың корпусын тегіс, тұрақты бетке орнатыңыз.



Алынбалы пышақтарды негізге орнатыңыз. Құмыраны теңгеріңіз де, сағат тілі бойынша бұрап, жинаңыз.



Блендерде өңдемес бұрын өнімдерді алдын ала ұнтақтаңыз



Құмыраға сұйықтық құйыңыз, тамақ ингредиенттерді салыңыз



Назар аударыңыз! Құмырада сұйықтығы жоқ құралды пайдалануға тыйым салынған!






Назар аударыңыз! Блендер құмырасының толтырылу деңгейі 1700 мл белгісінің 2/3-інен аспауы керек.

- Қақпақтағы тесікке өлшегіш стакан-бітеуішті қойыңыз.
- Құмыраны блендер корпусына орнатып, сағат тілімен соңына дейін бекітіңіз.
- Аспап жұмысқа дайын.



Назар аударыңыз! Пышақты блок дұрыс орнатылмаса және бекітілмесе, аспап жұмыс істемейді.



- Жұмыстың максималды уақыты бір цикл үшін 2 минут, содан кейін шеңбер бойымен 2 минут демалыс. 2 циклдан кейін 15 минут үзіліс жасау керек.
- Қарқынды жұмыс кезінде мотордың қызып кетуінен қорғау қарастырылған. Қорғаныс термостаты іске қосылған кезде аспап тоқтайды. Жұмысты қайта бастаудан бұрын мотордың салқындауы үшін қажетті уақыт кем дегенде 30 минут.

II. БЛЕНДЕРДІ БАСҚАРУ

- Аспапты желіге қосқаннан кейін, дыбыстық сигнал шығады.
- Дисплей мен жылдамдық реттегішіндегі барлық жарықдиодты белгілер 3 секунд бойы жанады.
- Әрі қарай жұмыс жылдамдығын реттегіште OFF (ӨШІРУ) жарықдиодты белгісі жыпылықтай бастайды.
- Құрылғы желіге қосылған, ұйықтап жатыр және қосуға дайын
- Құрылғыны іске қосу үшін жылдамдық реттегішін сағат тілінің бағытымен «ON» (ҚОСУ) мәні шыққанша бұраңыз.
- Жылдамдықты қолмен таңдау үшін «Жұмыс жылдамдығын таңдау» 4-бөлімін қараңыз.
- Жұмыстың максималды уақыты бір цикл үшін 2 минут, содан кейін шеңбер бойымен 2 минут демалыс. 2 циклдан кейін 15 минут үзіліс жасау керек.



ЕСКЕРТПЕ. Аспап күту режимінде 1 минут болады. Егер 1 минут ішінде аспаппен жұмыс басталмаса, ол ұйқы режиміне ауысады, бұл кезде барлық жарықдиодтар өшеді. Аспапты күту режиміне қайтару үшін жылдамдықты таңдау реттегішін ON/Speed жарықдиодты белгісі жанғанша сағат тілімен бұру немесе басқару панеліндегі кез келген түймені басу қажет.


III. ЖҰМЫС РЕЖИМІН ТАҢДАУ

Импульстік жұмыс режимі

- Жылдамдықты таңдау реттегішін «ON» (ҚОСУ) мәні көрінгенше сағат тілімен бұраңыз.
- «PULSE» түймесін басып тұрыңыз, машина максималды жылдамдықпен жұмыс істейді.
- "PULSE" сенсорлық түймесін жіберіңіз, машина бірден тоқтайды.



Аспапты желіге
қосыңыз



Дисплей мен
басқару панелі
белсенді



Қосу үшін
реттегішті сағат
тілімен бұраңыз




Импульстік
режимді қосу үшін
"PULSE" түймесін
басып тұрыңыз

Автоматты бағдарламалар көмегімен жұмыс істеу

- Жылдамдықты таңдау реттегішін «ON» мәнін көрсеткенше сағат тілімен бұраңыз.
- Алдын ала баптау бағдарламасын MENU түймесінің көмегімен таңдаңыз:
 - смузи
 - мұз шағу
 - сүтті коктейль
- START түймесін басыңыз. Аспап жұмыс істей бастайды. Дисплейде таңдалған бағдарлама мен уақыттың кері есебі көрсетіледі.
- Таңдалған бағдарламада аспаптың жұмысын мәжбүрлі түрде тоқтату үшін START түймесін тағы бір рет басыңыз. Таңдалған бағдарламада жұмысты қайта бастау үшін START түймесін қайта басыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Таңдалған өнімдерді өңдеу бағдарламасы аяқталғаннан кейін аспап автоматты түрде тоқтайды және күту режиміне ауысады.



ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР:

- **Майонез** жасау үшін блендер құмырасына майдан басқа барлық ингредиенттерді қосыңыз. Содан кейін машина жұмыс істеп тұрғанда, май құю қақпағына құйыңыз және ағып кетсін.
- Қою қоспаны, мысалы, паста мен тұздықтарды көпіршіту қажет болуы мүмкін. Егер дайындау қиын болса, сұйықтықты көбірек қосыңыз.
- **Мұзды** ұнтақтаған кезде 6 текше мұзға 15 мл су құйыңыз.

IV. ЖҰМЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫН ТАҢДАУ

- Ұйқы режимінде жұмыс жылдамдығын реттегішті сағат тілімен ON (ҚОСУ) күйіне дейін бұраңыз.
- Ары қарай жылдамдық реттегішін сағат тілінің бағытымен бұрап, өнімдерді өңдеудің қажетті жылдамдығын 1-ден 10-ға дейін таңдаңыз. Дисплейде таңдалған жұмыс жылдамдығы көрсетіледі.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ЖҰМЫСТЫҢ МАКСИМАЛДЫ УАҚЫТЫ 180 СЕКУНД.

- Жылдамдық реттегішін бұрау арқылы аспаптың жұмыс процесінде жылдамдықты арттыруға немесе азайтуға болады.
- Өнімдерді өңдеуді аяқтау үшін жұмыс реттегішін сағат тіліне қарсы бағытта аспап тоқтағанға дейін, ал дисплейде ON (күту режимі) мәні көрініс тапқанша бұраңыз.
- Егер сіз өнімдерді дайындау кезінде қосқыңыз келсе, өнімдерді беру қақпағын сағат тіліне қарсы бұраңыз. Құмыраның қақпағын бүтіндей ашпаңыз.
- Өнімдерді дайындап болған соң, құмыраны сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, оны корпустан шығарыңыз.
- Аспапты қуат көзінен ажыратып, содан кейін блендердің құмырасын тазалап, кептіріңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспаптың жұмысы кезінде құмыраның қақпағын ашпаңыз, әйтпесе сұйықтық шашырап кетеді.



Осы Нұсқаулықтағы барлық иллюстрациялар схемалық болып табылады. Суреттердегі элементтердің арақатынасы шынайы нысандардың масштабында бейнеленуі мүмкін емес, тек аспапмен жұмыс істеу принциптерінің бейнелі көрінісін көрсетеді! Техниканың сыртқы түрі, сәндік панельдердің түстері немесе элементтердің болуы Сіз сатып алған нақты құрылғыдан ерекшеленуі мүмкін.

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

Жалпы ұсынымдар


- Қызмет ету мерзімін ұзарту үшін аспапты қолданғаннан кейін бірден тазалау ұсынылады.
- Аспапты тазартар алдында оны желіден ажыратыңыз.
- Аспаптың барлық бөліктерін ыдыс жуатын машинада жууға тыйым салынады. Бұл пластмасса бөліктерге зақым келтіруі мүмкін.
- Аспап корпусына, алынбалы құмыраға және жиынтыққа кіретін қақпаққа күтім жасау үшін қазақ материалдар мен органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Блендер бөліктерінде тамақ өнімдерінің кеуіп жабысып қалуына жол бермеңіз.
- Кеуіп қалған бөлшектерді кетіру үшін қазақ емес пластикалық немесе қылтанақты щетканы (жиынтыққа кірмейді) пайдалануға болады.

Блендер корпусын тазалау

- Аспап корпусын жұмысақ ылғал матамен сүртіп алыңыз.




Аспапты суға батырмаңыз және ыдыс жуатын машинада жумаңыз.



Аспапты тазалау алдында, оны желіден ажыратыңыз.



Аспаптың пайдаланылған қондырмаларының жұмысшы бөлшектерін жуыңыз да, кептіріңіз.



Аспаптың барлық бөліктерін құрғақ матамен сүртіп алыңыз



Аспап бөлшектерін ыдыс жуатын машинада жууға болмайды.



Назар аударыңыз! Пышақтары бар алмалы-салмалы блоктың муфтасы бар төменгі бөлігін су ағынының астында жууға немесе суға батыруға болмайды.

- Аспаптың барлық бөліктерін құрғақ матамен сүртіңіз немесе ауада кептіріңіз.
- Аспапты жинаңыз және сақтау үшін құрғақ, күн сәулелері мен жылытқыш аспаптардан алыс жерге орналастырыңыз.

Блендер құмырасын / жол стақанын тазалау



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құмыраны тазалау үшін толықтай суға батыруға тыйым салынады.

- Мұқият тазалау алдында 2/3 бөлігі таза сүмен толтырылған құмыраны/жол стақанын 5-6 жылдамдық режимін таңдап шаю ұсынылады.
- Құмыраны жетектен алыңыз.
- Қатты ластағанда құмыраның қақпағын шешіп, құмыраны төңкеріп, абайлап, соққысыз тегіс ағаш бетіне қой.


- Пышақтары бар алмалы-салмалы блоктың бекіткішін сағат тілінің бағытымен бұрап, пышақтары бар алмалы-салмалы блокты құмырадан абайлап алыңыз.
- Блендер құмырасының ішкі бетін жылы сабынды суда жуыңыз және шайыңыз.
- Құмыраның ішкі бетін жұмсақ матамен сүрту ұсынылады
- Пышақтары бар алмалы-салмалы блокты бөлек жуыңыз.
- Басқа жағдайларда құмыраны пышақтарды алмай-ақ шаю жеткілікті.
- **Назар аударыңыз! Пышақтары бар алмалы-салмалы блоктың муфтасы бар төменгі бөлігін су ағынының астында жууға немесе суға батыруға болмайды.**



ЕСКЕРТПЕ! Құмыраны тазалар алдында, құмырада азық-түлік қалмағанына көз жеткізіңіз.

Құмыраның/жол стақанының қақпағын тазалау

- Құмыраның қақпағын және өлшегіш бекіткіш стақанды жылы сабынды сүмен жуыңыз және шайыңыз.
- Аспаптың барлық бөліктерін құрғақ матамен сүртіңіз немесе ауада кептіріңіз.
- Аспапты жинаңыз және сақтау үшін құрғақ, күн сәулелері мен жылытқыш аспаптардан алыс жерге орналастырыңыз.

		
	✓	✓
	✗	✓

ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

Аспаптардың тасымалдануын осы түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау және механикаландырылған тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ететін ережелерге сәйкес көліктің барлық түрлерімен жабық көлік құралдарында жүргізеді.

Аспаптарды тасымалдау кезінде зақымданудан қорғаныс - өнімнің сапасы мен тұтынушылық ыдыстың сыртқы көрінісінің бүтіндігі қамтамасыз етілуі керек

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

Аспаптар жабық құрғақ және таза үй-жайда қоршаған ауаның температурасы плюс 5°C төмен емес және плюс 40°C жоғары емес салыстырмалы ылғалдылығы 70% жоғары болмағанда және қоршаған ортада электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа да булар болмаған кезде сақталады.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.



Назар аударыңыз! Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оны ары қарай кәдеге жарату үшін мамандандырылған пунктке өткізіңіз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PTB 2630GL – OLARIS сауда маркасының тұрмыстық электр блендері

Максималды қуаты: 2600 Вт

Номиналды қуат: 1400 Вт

Кернеу: 220-240 В

Жиілігі: ~50 Гц

Құмыраның сыйымдылығы: 2000 мл (жұмыс көлемі 1700 мл дейін)

Жол стақанының сыйымдылығы: 600 мл.

Қорғау сыныбы: II



Ескертпе: өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ақаулық	Ықтимал себептері	Жою тәсілдері
Электр желісіне қосқанда блендер жұмыс істемейді	Розетка ақаулы	Басқа аспапты қосып, розеткадағы кернеуді тексеріңіз
	Электрқорек баусымы зақымдалған	Тек қана жөндеу шеберханаларының мамандарымен жойылады
	Пышақтары бар алмалы-салмалы блок дұрыс орнатылмаған және бекітілмеген	Пышақтары бар алмалы-салмалы блоктың дұрыс орнатылуын және бекітілуін тексеріңіз.
Жұмыс кезінде блендер сөніп қалды	Асқын қызу немесе асқын жүктеме. Автоматты түрде сөндірілу функциясы іске қосылды	Блендерді розеткадан ажыратыңыз және оған 30 минут ішінде толық сууға мүмкіндік беріңіз.
	Пышақтар бұғатталды	Аспапты сөндіріңіз және желіден ажыратыңыз. Пышақтары бар алмалы-салмалы блокты бөлшектеңіз және пышақтарды блоктаушы өнімдерден тазалаңыз. Жаңадан іске қосар алдында өнімдерді ұсақтап тураңыз.
Азық-түлікті ұсақтағанда, аспаптың қатты дірілдеуі сезіледі	Өнімдер тым ірі туралған	Тағамдарды кішірек кесектерге тураңыз
Жұмыс кезінде бөгде иіс пайда болды	Аспап қызып кетті	Аспаптың үзіліссіз жұмыс уақытын қысқартыңыз. Іске қосылулар арасындағы аралықтарды көбейтіңіз
	Аспап жаңа, ал иіс қорғаныс қабатынан шығады	Аспапты мұқият тазалаңыз



Аспапты пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін, осы аспаппен жұмыс істеу кезінде негізгі сақтық шараларын, сонымен қатар электр құралдарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.



Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өнім "Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" КО ТР 004/2011, "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі" КО ТР 020/2011, "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" ЕАЭО ТР 037/2016 талаптарына сәйкестігін растау рәсімінен өтті және Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығында өнім айналымының бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның қызмет көрсету мерзімі: 3 жыл

Кепілдік берілетін кепілдік мерзімі: 36 ай

Кепілдік табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектерге қолданылмайды. Осы құрамдас бөлшектерге Дайындаушы шектеулі кепілдік береді

Бұл аспапта пышақ блогы мен құмыра қақпағының силиконды тығыздағыштары осындай бөлшектер болып табылады – 6 ай.

Өткізу ережелері белгіленбеген

Дайындаушы:

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД,

158 Доншань Лю, Хушан Чжидо, Цыси, Чжэцзян провинциясы, ҚХР

MANUFACTURER: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

Зауытта: NINGBO YUANDA ELECTRICAL APPLIANCE CO., LTD - НИНБО ЯНДЭ
ЭЛЕКТРИКАЛ АППЛАЙАНСЕ КО., ЛТД

88, Daqiao Road, Henghe 315318, Cixi, Zhejiang, China - 88, Дацао Роуд, Хенгзе 315318,
Цыси, Чжэцзян, Қытай

Қытайда өндірілген.

Импорттаушы және РФ мен Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі

өндірушінің уәкілетті өкілі: "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ.,
Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат, I-үй-жай, 13-бөлме
Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78

КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Электр блендер

Модель: РТВ 2630GL

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемелері «POLARIS» сауда белгісімен шығарылатын және кепілдік қызмет көрсету ұсынылатын елдерде өндіруші уәкілетті еткен елдерде сатып алынған барлық модельдерге таралады (сатып алу орнына тәуелсіз).
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
 - химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
 - бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
 - бұйымды басқа мақсаттарда пайдаланудан;
 - қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
 - өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуына;
 - авторланған сервистік орталықтар* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар бұйымды жөндеуінен;
 - бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларынан.
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, дайындаушы кепілді міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
5. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Авторланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: www.polaris.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.

